

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
 КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
 БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ заңды
 тұлға мемлекеттік қандай тіркеуден өткізілді
 Алғашқы тіркелген күні 1999 ж. «25» 02 т.

ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
 «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
 ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ

произведена государственная перерегистрация
 юридического лица «26» 09 20 04 г.

Дата первоначальной регистрации
 БСН/БИН 940240000770 1994

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ»
 КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚИЖАТТАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
 ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫМЕН ЗАҢДЫ
 № 5886 БҰЙРЫҒЫ
 2019 ж. «25» 09

ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
 КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ

учредительные документы действительны
 с внесенными изменениями и дополнениями

ПРИКАЗ № 5886
 «25» 09 20 19 г.

Дауыс құқығын беретін
 барлық акцияларға ие Акционердің –
 «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық
 компаниясы» акционерлік қоғамының
 (Kazakhstan Engineering)»
 директорлар Кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
 2019 жылғы «25» маусым
 (№ 3 хаттама)

**«С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты»
 АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
 ЖАРҒЫСЫ**

Алматы, 2019

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1- бап. Жалпы ереже

1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалды.

2. Осы Жарғы «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін анықтайтын құрылтай құжаты болып табылады.

3. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы. Қоғам, мүдделі тұлғаның талабы бойынша, осы Жарғымен, кейінгі өзгертулер мен толықтыруларды қоса алғанда, танысуына мүмкіндік беруге міндетті. Қоғам үш жұмыс күні ішінде осы Жарғының көшірме нұсқасын ұсыну туралы акционердің талабын орындауға міндетті.

2-бап. Қоғам мәртебесі

4. Қоғам 1993 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлкі бойынша Алматы қаласы жергілікті комитетінің «С.М. Киров атындағы машина жасау зауытын» ашық типті «Машина жасау зауыты» акционерлік қоғамына» өзгерту туралы» № 257 қаулысына сәйкес құрылды.

5. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығарушы заңды тұлға болып табылады. Қоғамның меншік нысаны – жекеменшік.

6. Қоғам өз акционерлерінің мүліктерінен оқшауландырылған мүлікке ие, және оның міндеттері бойынша жауап бермейді, сол сияқты акционер де Қоғам міндеттеріне жауапты болмайды және, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, оған тиесілі акциялар құнының шегі бойынша, Қоғам қызметіне байланысты болатын залалды көтереді. Қоғам өзінің міндетемелері бойынша өзінің мүлкі шеңберінде жауапкешілікте болады.

7. Қоғамның дербес теңгерімі, банк шоты, мемлекеттік және орыс тілдерінде аты жазылған мөрі болады.

Қоғамның өз фирмалық атауы, тауар белгісі болады. Сондай-ақ Қоғамның, үлгілері белгіленген тәртіпте бекітілетін корпоративтік логотипі, туы және дараландырудың басқа да құралдары болады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте өзі орналасқан жерден тыс жерлерде, заңды тұлға болып табылмайтын және Қоғам атынан және Қоғам тапсырмасы бойынша, олар туралы Ереже негізінде қызмет атқаратын бөлімшелерін (өкілдіктерін) ашуға құқылы.

3-бап. Қоғамның атауы және орналасқан жері

10. Қоғамның толық және қызқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде:

- «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» Акционерлік қоғамы;

- «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ;

2) 2) орыс тілінде:

- Акционерное общество «Машиностроительный завод им. С.М. Кирова»;

- АО «Машиностроительный завод им. С.М. Кирова».

11. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері:

050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мақатаев көш., 127.

4-бап. Қоғамның дауыс құқығын беретін барлық акцияларына иелік етуші Құрылтайшы және Акция ұстаушы.

12. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлкі жөніндегі Алматы қаласының жергілікті комитеті Қоғамның құрылтайшысы болып табылады.

13. «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы (Kazakhstan Engineering») Қоғамның дауыс құқығын беретін барлық акцияларына ие Акция ұстаушысы болып табылады.

5-бап. Қоғамның мақсаты, қызметінің басты бағыттары және түрлері

14. Өзіндік шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінен түскен таза кіріс алу Қоғам қызметінің мақсаты болып табылады.

15. Қоғам қызметінің негізгі түрлері болып төмендегілер табылады:

1) меншікті жылжымайтын мүлікті басқару және жалға беру;

2) шойын, болат және ферроқорытпа өндірісі;

3) түсті металл және қорытпа өндірісі;

4) шойын құю;

5) болат құю;

6) басқа түсті металл құю;

7) басқа металл цистерналар, сұйыққоймалар, контейнерлер өндірісі;

8) қару, ату жарақтар өндірісі;

9) металл өңдеу және металға жабындау жағу;

10) басқа металл бұйымдар өндірісі;

11) металл бөшекелер және сол тектес сыйымдылықтар өндірісі;

12) басқа дайын металл бұйымдарды өндіру;

13) қозғалтқыштар өндірісі;

14) турбина өндірісі;

15) сүзгіш және тазалауыш жабдықтар өндірісі;

16) ауылшаруашылық машиналар өндірісі;

17) мұнай кәсіпшілігі және геологиялық барлау жабдықтары өндірісі;

18) мұнай газ өңдеу жабдықтары өндірісі;

19) арнайы мақсаттағы басқа көлік өндірісі;

20) тіркелгіш және жартылай тіркеме өндірісі;

- 21) кеме және қалқыма құрылғылар салу;
- 22) әскери соғыс автокөлік құралдарының өндірісі;
- 23) металл цистерналарын, сұйыққоймалары мен контейнерлерді жөндеу;
- 24) отпен атылатын қару және артиллериялық қару жөндеу;
- 25) темір бөшкелер мен сол тектес сыйымдылықтарды жөндеу;
- 26) басқа металл бұйымдарын жөндеу;
- 27) механикалық жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 28) жалпы мақсаттағы басқа жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 29) білдектерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 30) арнайы мақсаттағы жабдықтарды және басқа машиналарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 31) электрлі моторларды, генератор және трансформаторларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 32) басқа құрылыс-монтаж жұмыстары;
- 33) жинастырылған жабдықты қосу және жөндеу;
- 34) ағаш шеберлігі және ағаш ұста жұмыстары;
- 35) автокөлік құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 36) жүк өңдеу;
- 37) бағдарламалық жасақтаманы жасау;
- 38) бағдарламалық жасақтаманы сүйемелдеу;
- 39) мұнай және табиғи газ өндіру кезіндегі техникалық қолдау;
- 40) тау-кен қазу өнеркәсібі және жер астында кен шығару саласына техникалық қолдау;
- 41) тауарларға арналған пластикалық қаптамалардың өндірісі;
- 42) электрлі бөлшектердің өндірісі;
- 43) пайдаланушыларға арналған электрлі құрылғылардың өндірісі;
- 44) физикалық зерттеулерге арналған құрылғылардың өндірісі;
- 45) сәулемен емдейтін, электрлі медициналық және электрлі терапевтік жабдықтарының өндірісі;
- 46) электрлі дабыл жабдықтары өндірісі;
- 47) басқа электр механизмдер мен құрылғылар өндірісі;
- 48) кран өндірісі (құрылыссыз);
- 49) үздіксіз көлік жабдықтары өндірісі;
- 50) жедел саты өндірісі;
- 51) басқа көтеріп-тасымалдағыш, жүк тиеу-түсіру және қоймалық жабдықтар өндірісі;
- 52) ауыл және орман шаруашылығына арналған машиналар мен жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 53) тоқпен жарықтандыратын жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

- 54) өзге санатқа енгізілмеген басқа электр жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
- 55) өнеркәсіп техника мен жабдықты монтаждау;
- 56) басқа электр стансалары арқылы электр қуат өндірісі;
- 57) жекеменшік қазандықтар арқылы жылу қуат өндірісі;
- 58) автомобиль көлігі арқылы жүк тасымалы;
- 59) азық-түліктік емес тауарларды, бидайды санамағанда, сақтау және жинау;
- 60) темір жолдарды пайдалану;
- 61) терминалдар қызметі;
- 62) көлік-экспедициялық қызметтер;
- 63) ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік және кеңес беру қызметтері;
- 64) жалға алынатын жылжымайтын мүлікті жалдау (қосалқы жалдау) және пайдалану;
- 65) техникалық сынаулар және талдамалар жүргізетін басқа мекемелердің қызметі;
- 66) өзге санатқа енгізілмеген басқа көліктерді, жабдықтарды және материалдық қаражатты жалдау;
- 67) ұлттық компаниялары және олардың еншілес ұйымдары ұсынатын қосымша білім саласындағы қызмет.

Қоғам тізбесі заңнамалық актілерімен белгіленетін жекелеген қызмет түрлерімен тек лицензия негізінде ғана айналыса алады.

16. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, іскерлік әдептің жалпы жұрт қабылдаған қағидаларына, осы Жарғыға, шарттық міндеттемелерге сәйкес іске асырады.

2-ТАРАУ. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

6-бап. Қоғамның артықшылықты акцияларына ие Акция ұстаушының құқықтары

17. Артықшылықты акцияларын меншіктеуші- Акция ұстаушылар қарапайым акцияларын меншіктеуші акционерлердің алдында Қоғам акцияларының эмиссия аңдатпасымен белгіленген алдын ала белгіленген көлемдегі дивиденд (үлеспайда) алуға және, Заңмен белгіленген тәртіпте, Қоғамның таратылған жағдайында мүлік жартысына иемденуде де артықшылықты құқықтарға ие.

18. Артықшылықты акция акционерге, осы Жарғының 19 тармағында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қоғамды басқару ісіне қатысуға құқық бермейді.

19. Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқару ісіне қатысуға құқық береді, егер:

1) Дауыс құқығын беретін акцияларға ие Акция ұстаушы артықшылықты акцияларын иеленуші Акционердің құқығын шектеу мүмкіндігі

бар мәселені қарастырғанда. Осындай мәселеге қатысты шешім орналастырылған артықшылықты акциялардың үштен екі бөлігінен кем емесі (сатып алынғандарды қоспағанда) шектеуді қолдап дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып саналады;

2) Дауыс құқығын беретін барлық акцияларға ие болып отырған Акция ұстаушы Қоғам ұйымдаспаған нарықта артықшылықты акцияларын, Заңға сәйкес сатып алған жағдайда, артықшылықты акцияларының құнын белгілеу әдісін бекіту мәселесін қарастырады;

3) Дауыс құқығын беретін барлық акцияларға ие болып отырған Акция ұстаушы Қоғамның қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы туралы мәселені қарастырады;

4) артықшылықты акция бойынша дивиденд (үлеспайда), Заңмен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, оны төлеуге белгіленген мерзімі өткен күннен бастап үш ай ішінде толық көлемде өтелмеген.

7-бап. Қоғамның дауыс құқығын беретін барлық акцияларға ие болып отырған Акция ұстаушының құқығы мен міндеттері

20. Дауыс құқығын беретін барлық акцияларына ие Акция ұстаушы құқылы:

1) Заңмен және (немесе) осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) үлеспайда алуға;

3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алып отыруға, соның ішінде оның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғамның орталық депозитарийінен немесе Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын номиналды ұстаушының үзінділерін алуға;

5) Директорлар Кеңесін сайлауға;

6) Қоғам органдарының қабылдаған шешімдерін сот тәртібімен келіспеуге;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұратулармен өтініш жасауға және сұраныстың Қоғамға келіп түскен күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде себептемелі жауап алуға;

8) Қоғамды тарату кезінде мүліктің жартысына;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

10) Директорлар Кеңесі мәжілісінің шақырылуын талап етуге;

11) Аудиторлық ұйымнан өз есебінен Компания аудитін жүргізуді талап етуге;

12) Заңмен қарастырылған жағдайларда, Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға келтірген зиянның орнын толтыру туралы және Қоғамның лауазымды тұлғалары және (немесе) олардың үлестес тұлғалары ірі мәмілелер

және (немесе) мүдделі мәмілелер жасасу (ұсыну) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Қоғамға қайтару туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес, өзге де құқықтарды пайдалануға.

Жарғының осы тармағында белгіленген дауыс құқығын беретін акциялардың барлығына иелік ететін Акция ұстаушының құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

21. Дауыс құқығын беретін барлық акцияларға ие Акция ұстаушы міндетті:

- 1) Заңмен белгіленген тәртіпте акцияларды төлеуге;
- 2) он күн ішінде орталық депозитарийді және (немесе) осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын Қоғамның акция ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу үшін қажетті ақпараттың өзгеруі туралы хабарлауға;
- 3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;
- 4) Заңға және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, басқа да міндеттерді орындауға.

Қоғамның орталық депозитарийі және (немесе) Қоғамның номиналды акцияларын ұстаушысы дауыс құқығын беретін барлық акцияларына ие Акция ұстаушының осы Жарғының осы тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамағаны үшін жауапты болмайды.

3-ТАРАУ. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ

8-бап. Қоғам органдарының тізбесі

22. Қоғамның органдарына мыналар жатады:

- 1) жоғары орган – дауыс құқығын беретін барлық акцияларды иеленетін Акция ұстаушы;
- 2) басқару органы – директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Бас директор (жеке орган);
- 4) Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және осы Жарғыға сәйкес басқа да органдар.

9-бап. Дауыс құқығын беретін барлық акцияларды иеленетін Акция ұстаушы.

23. Заңмен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер дауыс құқығын беретін барлық акцияларға иелік ететін Акция ұстаушымен жеке-дара қабылданады және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен расталған құқықтарды қыспақтамайтын немесе шектемейтін жағдайда жазбаша түрде рәсімделуге жатады.

24. Дауыс құқығын беретін барлық акцияларды иеленген Акция ұстаушының шешімдері Қоғаммен сақталуы тиіс және кез-келген уақытта акционерлерге қарау үшін ұсынылады. Акционерлердің талаптары бойынша

дауыс құқығын беретін барлық акцияларына ие Акция ұстаушы шешімінің көшірмесі беріледі.

25. Дауыс құқығын беретін барлық акцияларды иеленген Акция ұстаушының айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

- 1) осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларды енгізу;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді анықтау;
- 6) Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары, мерзімдері мен тәртібін анықтау;
- 8) есеп комиссиясының санын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесі мүшелерінің санын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың міндеттерін орындау үшін сыйақы мен сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- 11) Бас директорды тағайындау мен өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы, оның өкілеттік мерзімін, қызметтік еңбекақы мөлшерін, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда өтемақы төлемдерін, еңбекақы төлеу тәртібін, сыйақы (сыйлықақы) және әлеуметтік қолдауды анықтау, сонымен қатар онымен еңбек қатынасын тоқтату туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 13) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 14) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд (үлеспайда) мөлшерін бекіту;
- 15) Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді (үлеспайда) төлеу туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғам акцияларын ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 17) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын басқа заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне қатысуы туралы немесе активтер бөліктерінің жартысын беру (алу) арқылы басқа заңды тұлғалар қатысушыларының құрамынан (акционерлерінің) тізімінен шығуы;

18) Қоғамның Заңға және оған берілген өзгертулеріне сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алатын акциялардың құнын айқындау әдісін бекіту;

19) «алтын акцияны» енгізу және жою;

20) мәміле туралы шешім қабылдаған күні Қоғам активтерінің жиынтық баланстық құнының елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (алуға немесе иеліктен шығаруға) ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау; соның нәтижесінде оның активтері балансының жалпы көлемінен елу және одан да көп пайызы сатып алынады немесе иеліктен шығарылады (сатып алынуы немесе иеліктен алуы мүмкін);

21) Қоғамның қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау және сыйақы төлеу, қызметтік іссапарпұлды өтеу нормативтері, өкілдік шығыстар, қызметтік көлік құралдарын, әкімшілік аппараттарға арналған алаңдарды, телефон байланысын пайдалану нормаларын қоса алғанда, Қоғамның әкімшілік шығыстарының белгілі бір түрлерін айқындау;

22) дауыс құқығын беретін барлық акцияларына ие Акция ұстаушы бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес, Қоғамның дауыс құқығын беретін барлық акцияларына ие Акция ұстаушының құзыретіне қатысты шешімдер қабылдау;

23) Қоғамның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережесін бекіту;

24) Қоғамның саясатын, соның ішінде инвестициялық, дивидендтік және т.б. бекіту;

25) көзделген өзге де мәселелер, олар бойынша шешім қабылдау осы Жарғымен Қазақстан Республикасының заңнамасына жатқызылды.

26. Дауыс құқығын беретін барлық акциялардың иеленушісі Акция ұстаушының айрықша құзыретіне осы мәселелер бойынша шешім қабылдау құзыреті жатады, егер Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде басқа көзделмесе, Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне тапсырылуына жол берілмейді.

27. Дауыс құқығын беретін барлық акцияларға ие Акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін болдырмауға құқылы.

10-бап. Директорлар кеңесі.

28. Директорлар кеңесі дауыс құқығын беретін барлық акцияларға иелік ететін және Қоғамның жалпы басшылығын жүзеге асыратын Акционердің шешімімен сайланады, бұл Заңда және (немесе) Қоғам Жарғысында көрсетілген барлық дауыс құқығын беретін акцияларға ие Акция ұстаушының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Директорлар кеңесі туралы ереженің негізінде әрекет етеді.

29. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;

- 2) Қоғамның Даму жоспарын бекіту, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу және оны жүзеге асыру мониторингі;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялардың саны бойынша орналастырылатын (өткізілетін) акцияларды, оларды орналастырудың (сатудың) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу туралы және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын-ала бекіту және өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына есептелген дивидендтің (үлеспайда) мөлшері туралы ұсыныстар енгізу;
- 6) Қоғамның облигацияларын және өндірістік бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) Бас директорды тәртіптік жауапкершілікке тарту және жұмыстан шеттету, оның қызметінің кілттік көрсеткіштері мен олардың мақсаттық мәндерін бекіту, көтермелеу (сыйақы) туралы шешімдер қабылдау;
- 8) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысын және қызметкерлерін тағайындау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін айқындау, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне сыйақы беру, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері мен шарттары, сондай-ақ Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысы қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту;
- 9) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақы мөлшерін, сыйақы мен әлеуметтік қолдау шарттарын анықтау, сондай-ақ корпоративтік хатшының мақсаттарының картасын бекіту;
- 10) Директорлар кеңесі комитеттері мүшелерінің санын, олардың өкілдерін тағайындау, олардың басшысын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;
- 11) аудиторлық ұйымның қаржы есептілік аудиті бойынша қызметтері үшін ақы төлеу мөлшерін, сондай-ақ Қоғамның акциялары үшін төлем ретінде берілетін бағалау немесе ірі мәміле мәні болып табылатын бағалаушы мүліктің нарықтық құнын анықтау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру үшін бас директор қабылдаған құжаттарды қоспағанда), оның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою және аукциондар мен жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;
- 13) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне қатысуы туралы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылар

(акционерлерінің) құрамынан Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес пайызынан аз бөлігін құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы шешім қабылдау;

15) осы Жарғымен Қоғамның дауыс құқығын беретін барлық акцияларына иелік ететін Акционердің құзыретіне жатқызылған жағдайларды қоспағанда, Қоғамның сенімді басқаруына басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алу (иеліктен алу), беру (алу) туралы шешім қабылдау;

16) акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) Қоғам міндеттемелерінің оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғаюы;

18) Қоғам туралы немесе қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) дауыс құқығын беретін барлық акцияларына иелік ететін Акция ұстаушының шешімі бойынша бекіту туралы шешім қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер жасасу және Қоғам мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдау;

20) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, Ішкі аудит қызметінің тоқсан сайынғы және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешім қабылдау;

21) дауыс құқығын беретін барлық акцияларына ие акционер белгілеген тәртіппен Қоғам бюджетін бекіту (1 жылға арналған бизнес-жоспар);

22) Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын және ұйымдық құрылымын бекіту;

23) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

24) Қоғамның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, дауыс құқығын беретін барлық акцияларға ие Акционерге толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы ұсыныстар дайындау;

25) Іскерлік этика кодексін бекіту және оның ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;

26) Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес, Директорлар кеңесінің құзыретіне қатысты шешімдер қабылдау;

27) Қоғамның тәуекелдерін басқару жөніндегі Қоғамның ішкі құжаттары мен рәсімдерін бекіту (Қоғамның ішкі құжаттары мен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда), сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесі туралы есептерді қарау және бекіту;

28) Ішкі бақылау жүйесін реттейтін Қоғамның құжаттарын бекіту, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесі бойынша есептерді қарау және бекіту;

29) Қоғамның дауыс құқығын беретін акциялардың барлығына ие Акция ұстаушының назарына ұсынылатын мәселелерді алдын ала қарау және бекіту;

30) дауыс құқығын беретін барлық акцияларды иеленетін Акционерге ұсыну үшін Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті дайындау және бекіту;

31) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, Қоғамның дауыс құқығын беретін барлық акцияларына иелік ететін Акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

30. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Бас директорға шешуге берілмейді.

31. Директорлар кеңесі, осы Жарғыға сәйкес, бас директордың құзырына жататын мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ дауыс құқығын беретін барлық акцияларға ие Акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

11-бап. Директорлар кеңесінің құрамы

32. Тек жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес, өзіне жүктелген міндеттемелерді басқа тұлғаларға беруге құқылы емес.

33. Директорлар кеңесінің мүшелері төмендегілер арасынан сайланады:

1) акционерлерден - жеке тұлғалардан;

2) акционерлердің мүдделерін білдіретін өкілдер ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалардан;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған тұлғадан;

34. Бас директор Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайлана алмайды.

35. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде үш адам болуы тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелерінің кем дегенде отыз проценті тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

36. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғаларға қойылатын талаптар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

12-бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

37. Директорлар кеңесі құрамына сайланған адамдар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектелмеген мәрте қайта сайлануы мүмкін.

38. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін дауыс құқығын беретін акциялардың барлығына иелік ететін Акционер анықтайды.

39. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі дауыс құқығын беретін барлық акцияларын иеленетін Акционердің Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешімі қабылданған күннен бастап аяқталады.

40. Дауыс құқығын беретін барлық акцияларына ие Акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін

мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді қабылдаған дауыс құқығын беретін акцияларына ие Акционердің шешімі қабылданған күннен бастап тоқтатылады.

41. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін, оның бастамасы бойынша, мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

42. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарламада тоқтату күні көрсетілмеген жағдайда, Директорлар кеңесінің аталған хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылады.

43. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлауы дауыс құқығын беретін барлық акцияларға ие Акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылады, ал Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

13- бап. Директорлар кеңесінің төрағасы

44. Директорлар кеңесінің төрағасы дауыс құқығын беретін барлық акцияларға ие акционердің шешімі бойынша сайланады.

45. Директорлар кеңесінің төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесі мәжілісін шақырады, оларға төрағалық етеді;
- 2) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 3) Директорлар кеңесі мәжілістерін өткізеді;

4) Қоғам атынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен шарт жасасады және дауыс құқығын беретін акциялардың барлығына иелік ететін Акционер тағайындайтын бас директормен еңбек шартын бекітеді.

5) заңмен, осы Жарғымен белгіленген басқа да міндеттерді атқарады.

46. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

14-бап. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру

47. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның төрағасының немесе бас директордың бастамасымен немесе оның талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғам аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) Дауыс беретін барлық акцияларды иеленуші Акция ұстаушының.

48. Директорлар кеңесі мәжілісін шақыру туралы талап директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі мәжілісін өткізу күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы беріледі.

Директорлар кеңесінің төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен бас директорға өтініш беруге құқылы, ол Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің мәжілісі Директорлар кеңесінің төрағасы немесе бас директор шақыру туралы өтініш түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыртуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісі көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы жүргізіледі.

49. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарлама және жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесі мүшелеріне жиналысты өткізу күніне дейін күнтізбелік жеті күн бұрын жіберіледі.

Ерекше жағдайларда, Директорлар кеңесі Төрағасының шешімі бойынша материалдар басқа мерзімдерде жіберілуі мүмкін.

Директорлар кеңесі мәжілісінің хабарламасында жиналыстың күні, уақыты мен орны, сондай-ақ мәжіліс күн тәртібі және мәселелері бойынша шешімдердің жобалары туралы мәліметтер болуы тиіс.

Ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылданған жағдайда және (немесе) мүдделімәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміле шарттары, мүдделі тараптардың акцияларының сипаты мен мөлшері, сондай-ақ есеп бағалаушының (заңда көзделген жағдайда) ебебін қамтуы тиіс.

50. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі мәжілісіне қатысудың мүмкін еместігі туралы бас директорды хабардар етуге міндетті.

51. Директорлар кеңесі мәжілісін өткізу туралы хабарламаның Директорлар кеңесі мүшелеріне жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

15-бап. Директорлар кеңесі мәжілісін өткізу тәртібі

52. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде жартысын құрайды және бейнеконференция (интерактивті), конференц-қоңырау (телефон жиналысы арқылы Директорлар кеңесінің мүшелерімен бір мезгілде әңгімелесу) басқа да байланыс құралдарын пайдалану арқылы мәжіліске қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерін есепке алумен, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін ескере отырып (жазбаша түрде берілген дауыстар болған жағдайда) белгіленеді.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы өтінішпен дауыс құқығын беретін барлық акцияларға ие Акционерге өтініш беруге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері дауыс құқығын беретін акцияларға иелік ететін Акционерге аталған өтінішті ғана бағыттауға құқылы.

53. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

54. Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесі мәжілісіне төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

55. Директорлар кеңесі өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

56. Директорлар кеңесі тікелей және сырттай дауыс беру арқылы кездесулер өткізеді.

57. Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі жазбаша түрде жасалады, оған Директорлар кеңесі төрағасының, корпоративтік хатшының немесе ол болмаған жағдайда, қол қойылған бюллетендерді біріктіру арқылы Директорлар кеңесі хатшысының міндеттерін атқаратын адам қол қоюға тиіс.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі, егер белгіленген мерзімде алынған бюллетендерде кворум болған жағдайда, қабылданды деп танылады.

Шешім қабылданған күннен бастап жиырма күн ішінде оны Директорлар кеңесі мүшелеріне осы шешімнің қабылдану негізі болған бюллетендердің көшірмесі қоса жолдануы тиіс.

58. Бетпе-бет өткізілген мәжілісте қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, жиналысқа төрағалық етуші тұлғамен және Корпоративтік хатшымен мәжіліс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде дайындалып қол қойылған хаттамамен ресімделеді және хаттамада төмендегі мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) мәжілістің өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) мәжіліске қатысушы тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер;
- 6) Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижелері Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру қорытындысын көрсететін «қолдаушы», «қарсы», «қалыс қалған» дауыс беру нұсқаларының тиісті бағандарында қолдары қойылады;
- 7) қабылданған шешімдер;
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

59. Қоғамда сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары мен шешімдері сақталады.

Корпоративтік хатшы немесе Директорлар кеңесінің хатшысы болмаған жағдайда, Директорлар кеңесі мүшелерінің талаптары бойынша, Директорлар кеңесі отырысының хаттамасымен және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді қарауға және (немесе) Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолы және Директорлар кеңесінің мөрімен расталған хаттамадан үзінді көшірмені және шешімдерді беруге міндетті.

60. Директорлар кеңесі мәжілісіне қатыспаған немесе Директорлар кеңесінің, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы

Жарғымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі онымен сот тәртібімен келіспеуге құқылы.

61. Дауыс құқығын беретін барлық акцияларды иеленуші Акционер, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің және осы Жарғының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешімімен, егер бұл шешім Қоғамның және (немесе) дауыс құқығын беретін акциялардың барлығына иелік ететін Акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса, Директорлар кеңесі шешімімен келіспеуін білдіріп сотқа шағымдануға құқылы.

16-бап. Бас директор

62. Ағымдағы қызмет - жеке-дара атқарушы орган - бас директордың басқаруымен жүзеге асырылады.

Бас директор дауыс құқығын беретін барлық акцияларға иелік ететін Акция ұстаушымен сайланады және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Бас директор дауыс құқығын беретін барлық акцияларға және Директорлар кеңесіне ие Акция ұстаушының шешімдерін орындауға міндетті.

Егер мәміле жасалған кезде тараптар осындай шектеулер туралы хабардар болғандығын дәлелдеген болса, бас директордың, белгілеген шектеулерді бұза отырып, жасаған мәміленің жарамдылығымен Қоғам келіспеуге құқылы.

Бас директор атқарушы орган басшысының немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының міндеттерін жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға құқысы жоқ.

Бас директордың міндеттемелері, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Қоғаммен жасасқан еңбек шартында айқындалады. Қоғамның бас директорымен бекітілген еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе дауыс құқығын беретін акциялардың барлығына ие Акционердің шешімі бойынша өкілеттік берілген адам қол қояды.

63. Бас директор өз құзыреті шеңберінде:

1) дауыс құқығын беретін барлық акцияларға, Директорлар кеңесіне ие Акционер шешімдерінің орындалуын, жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның ұсынымдарын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) даму жоспарының, Қоғамның бюджетін іске асырылуын орындайды;

3) кез-келген мәмілені жасау туралы шешім қабылдайды, дауыс құқығын беретін акцияларға иелік ететін Акционердің және Директорлар кеңесі құзыретіне жататын мәмілелерге қатысты шешімдер қабылдауды қоспағанда;

4) Қоғамның ішкі рәсімдерін, оның ішінде тәуекелдерді басқару бойынша қолдануды жүзеге асырады, Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәуекелдерді басқарудың ішкі рәсімдерін оның құзыретіне жатқызады, сондай-

ақ Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесі туралы хабарлайды;

5) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданған, Директорлар кеңесі және дауыс құқығын беретіні акциялардың барлығына ие Акция ұстаушы бекіткен құжаттарға қатысты емес құжаттарды бекітеді;

6) Қоғамның барлық қызметкерлері үшін міндетті, оның ішінде дауыс құқығын беретін барлық акцияларға және Директорлар кеңесіне ие Акционер шешімдерінің орындалуын бақылау ісін жүргізу туралы Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады;

7) Директорлар кеңесі бекіткен қызметкерлердің жалпы саны мен Қоғамның ұйымдық құрылымын ескере отырып, Қоғамның штаттық кестесін бекітеді;

8) ішкі (қызметтік) ақпараттың қорғауын және сақталуын қамтамасыз етеді және, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, ақпараттың ашылуына және Қоғам қызметінің ақпараттық баяндалуына жауапты болады;

9) үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасауда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

10) үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасауда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

11) Қоғам қызметкерлерін қабылдайды, ауыстырады және жұмыстан шығарады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда), ынталандыру шараларын қолданады және оларға тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес, Қоғам қызметкерлерінің жалақысын және жалақыға қосымша төлемдер көлемін белгілейді, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері мен Қоғамның Корпоративтік хатшысын қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйлықақылары көлемін белгілейді;

12) Қоғам қызметкерлерімен, оның ішінде Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен және Корпоративтік хатшымен еңбек шарттарын жасасады және тоқтатады;

13) жұмысқа қабылданғанға дейін өз орынбасарларының және бас бухгалтердің кандидатураларын Директорлар кеңесінің Төрағасымен жазбаша түрде келіседі;

14) өзі болмаған кезде өз міндеттерін атқару ісін өз орынбасарларының біріне жүктейді;

15) өзі және өзінің орынбасарлары арасында міндеттерді, сондай-ақ билік пен жауапкершілік салаларын таратады;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, дауыс құқығын беретін барлық акцияларына ие Акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалған өзге де міндеттемелерді жүзеге асырады.

Бас директордың шетелдік іссапарлары Директорлар кеңесінің Төрағасымен келісе отырып жүзеге асырылады.

17-бап. Ішкі аудит қызметі

64. Қоғамның қаржылық және шаруашылық қызметін, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару және консалтинг саласындағы құжаттарды ресімдеу бойынша бағалауды жүзеге асыру үшін Қоғамдағы қызметті жетілдіру мақсатында, Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің құзыреті мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

65. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, оның ішінде оның басшысы Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады.

66. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесі құрамына сайлана алмайды.

67. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынышты болады және өз жұмысына есеп береді.

68. Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері үшін сыйақы мөлшері мен төлеу шарттарын Директорлар кеңесі айқындайды.

18-бап. Корпоративтік хатшы

69. Компанияның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі тағайындаған және оған есеп беретін Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Қоғамның қызметкері болып табылады.

70. Корпоративтік хатшы:

1) Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғалары дауыс құқығын беретін акциялардың барлығына иелік ететін Акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдердің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) Қоғамның Корпоративтік басқару, Жарғы және Қоғамның өзге де ішкі құжаттары саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының ережелері мен нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

3) Директорлар кеңесі мәжілісінің дайындауы мен өткізілуін бақылайды;

4) Директорлар кеңесі мәжілісінің материалдарын қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізуді бақылауды жүзеге асырады;

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты және дәл ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді; Қоғам органдары арасында ақпараттың тиімді алмасуына жәрдем береді;

6) барлық корпоративтік басқару мәселелері бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің және бас директордың кеңесшісі міндетін атқарады;

7) Қоғамның үлестес тұлғалары туралы ақпаратты жинайды, бақылайды және оны уәкілетті органдарға жолдайды;

8) Заңнамамен, Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асырады.

71. Қоғамның корпоративтік хатшысының мәртебесі, міндеттемелері, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен,

Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ережемен, Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен анықталады.

19-бап. Қоғамның лауазымды тұлғаларының қызметтік қағидалары

72. Қоғамның лауазымды тұлғалары Директорлар кеңесінің мүшелері және Бас директор болып табылады.

73. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) оларға жүктелген міндеттерді адал атқарады және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін қамтып көрсететін әдістерді пайдаланады;

